



010000, Астанақаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

06.10.2023 № 2-01-23-79917

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

(«Ақ жол», «Аманат»,
«Қазақстан Халық партиясы»,
«Ауыл» тізімі бойынша фракция
мүшелеріне)

08.09.2023ж. ДС-304
Депутаттық сауалға қатысты

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру қажеттігі туралы депутаттық сауалды қарады.

Депутаттық сауалда экономикалық негіздер бойынша тіркелген қылмыстық істерді толығымен тоқтату ұсынылды.

Депутаттардың елде қолайлы бизнес-ахуал құру қажеттілігі туралы пікірімен келісе отырып, мемлекет мүдделеріне елеулі зиян келтіретін, қасақана заңсыз әрекеттер жасайтын жосықсыз кәсіпкерлердің болуы туралы атап өткен жөн.

Жалпы, мемлекет кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша қажетті заңнамалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдауда.

2017 жылдан бастап Бас прокуратура Парламент депутаттарымен, мүдделі мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, экономикалық қылмыстарды ізгілендіру және құқық қорғау құралдарын күшейту бөлігінде қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуде.

Менің атымнан 2022 жылғы 2 қыркүйекте бизнес субъектілеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау тәртібін реттейтін қылмыстық қудалау органдарына нұсқау жіберілді, сонымен қатар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Бас Прокурордың бұйрығына түзетулер енгізілді.

Мұның барлығы адал бизнесті қылмыстық процеске тартуды барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Мәселен, 2023 жылдың 8 айында кәсіпкерлерге қатысты тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2 есеге төмендеді (792-ден 345-ке дейін).

Прокурорлар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуының заңдылығын тексеруді және бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдауды, қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны немесе баянатты сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркеген кезден бастап 24 сағат ішінде жүзеге асырады.

Осы жылдың басынан бері прокурорлар кәсіпкерлерге қатысты заңсыз басталған 77 қылмыстық істі тоқтатты.

Жалпы қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар фактілер бойынша тергеп-тексеру жүргізу қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттері мен қағидаттарына негізделеді.

Мәселен, қылмыстық процестің міндеттері қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, бейтарап, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау болып табылады.

Бұл ретте, заңнамамен қылмыстық істердің жүргізілуін және тоқтатылуын болдырмайтын нақты жағдайлар мен мән-жайлар көзделген.

Осыған байланысты заңды негізде басталған сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу қажеттілігін ескере отырып, экономикалық себептер бойынша тіркелген барлық қылмыстық істерді тоқтату мүмкін емес.

Сонымен бірге прокуратура органдары бизнес субъектілерінің заңсыз қылмыстық қудалау фактілері анықталған жағдайда, заңдылықты бұзушылықтардың жолын кесуге немесе жоюға барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі ЖҰӨ-нің 70-тармағы шеңберінде жұмыс жалғасуда (*құқық қорғау органдарының кәсіпкерлік субъектілерін негізсіз қудалау практикасын жою*).

ҚК-ге кәсіпорын қызметкерлерінің қызметтік міндеттері ұйымдасқан қылмыстық топтың белгісі бола алмайтындығына қатысты түзетулер енгізу бойынша

Мемлекет басшысының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерін тексеру жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде Әділет министрлігі жанындағы мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен ВАЖТ-ға Республикалық адвокаттар алқасының ұсынысы бойынша осыған ұқсас ұсыныс қаралды (РФ-ның тәжірибесі бойынша ұйымның (фирманың) құрылымында жұмыс істейтін адамдар тобын экономикалық қылмыстар туралы істер бойынша, мұндай ұйым қылмыстық мақсатта құрылған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық топ деп танымау, тұрақтылық, иерархия, функционалдық міндеттерді белгілеу және бөлу (директор, менеджер, бухгалтер, жабдықтаушы және т.б.),).

Қарау қорытындысы бойынша ҚК-нің нормаларын түзетпей, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында экономикалық қылмыстық құқық

бұзушылықтар бойынша «ұйымдасқан қылмыстық топ» ұғымын түсіндіру қажеттілігі туралы шешім қабылданды.

Қазіргі уақытта бастамашылар аталған мәселені пысықтауда.

Кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіретін ҚК-нің баптарын қысқарту мәселесі бойынша

Қазақстанның қылмыстық заңнамасына экономикалық қылмыстардың жекелеген құрамдарын декриминализациялауға және депенализациялауға (санкцияларды жеңілдетуге), оның ішінде бас бостандығынан айыруға балама жаза түрлерін енгізу жолымен бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚК-ні, ҚПК-ні және ҚАК-ті оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) әзірленген, ол Парламент мәжілісінде қаралуда.

Заң жобасы ҚК-нің 234, 236, 245-баптары бойынша бірнеше айыппұлдар институтын кеңейту бөлігіндегі өзгерістерді қамтиды, бұл салынған айыппұлды төлей отырып, кәсіпкерлік қызметті жалғастыруға мүмкіндік береді.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында экономикалық құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыссыздандыруды және салық қылмыстары бойынша кәсіпкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту нормаларының шегін айқындаудың әділ тетігін енгізуді тапсырды.

Мүдделі органдармен осы бағыттағы жұмыстар басталды, тиісті түзетулер Мәжіліс депутаттарына ұсынылатын болады.

Кәсіпкерліктің негізгі капиталына 10 есе аз инвестициядан аспайтын бұзушылық үшін тіркелген қылмыстық істерді тоқтату мәселесі бойынша

Ағымдағы жылдың 8 айында құқық қорғау органдары инвестициялық ақшалай қаражатты жымқыру фактілері бойынша қылмыстық істерді тіркеген жоқ.

Сонымен қатар жымқыру фактілері бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты сотқа дейінгі 103 тергеу басталды (ҚК-нің 189, 190-баптары), бұл істердің барлығы мемлекеттік сатып алу бойынша шарттық міндеттемелерді орындаумен байланысты.

Анықтама ретінде: 33 іс сотқа жіберілді, 8 іс ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылды, 13 іс ақтау негіздері бойынша және 14 іс бойынша тергеп-тексеру мерзімдері үзілді.

ҚК-ні және ҚПК-ні жетілдіру жөніндегі заң жобасы шеңберінде бас бостандығынан айырудың орнына экономикалық және салықтық қылмыстардың 6 құрамы бойынша қылмыстық жазалардың репрессивтілігін төмендету үшін бірнеше айыппұл қолдануға бастамашылық жасалды (ҚК-нің 189-бабы - сеніп тапсырылған бөтен мүлкті иемдену немесе талан-таражға салу; ҚК-нің 190-бабы - алаяқтық; ҚК-нің 234-бабы - экономикалық контрабанда, ҚК-нің 236-бабы - кеден баждарын төлеу; ҚК-нің 245-бабы-салық төлеуден жалтару; ҚК-нің 253 - бабы-коммерциялық пара беру). Оларды бизнес-қауымдастығы қолдады.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдар мемлекеттік сатып алу кезінде жымқыру мен

алаяқтық жасағаны үшін кәсіпкерлерді қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін шекті соманы белгілеу мәселелері пысықтайтын болады.

Шекті мәннен төмен зиян анықталған кезде кінәлілерді әкімшілік жауаптылыққа тарту қажет.

Бұл шаралар бизнесті қылмыстық процеске тартуды бірнеше есе қысқартуға және құқық қорғау органдарын ірі жымқыруларды анықтауға бағыттауға мүмкіндік береді.

ҚК-ге мемлекет, отандық бизнеске негізсіз тергеп-тексеру жүргізуге кедергі келтіретін, сондай-ақ рейдерлік жасаған адамдардың мүдделеріне қарсы жасалған қылмыс ретінде қатаң жаза бөлігінде өзгерістер енгізуге қатысты

Заңнамада құқық қорғау органдары қызметкерлерінің рейдерлік бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделген.

Мүдделі мемлекеттік органдар мен Парламент депутаттарының сындарлы ынтымақтастығының арқасында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 02.07.2021 жылғы заң шеңберінде Қылмыстық кодекске құқық қорғау және бақылаушы органдардың ресурстары мен өкілеттіктерін пайдалана отырып немесе сот тәртібімен жасалған «сыртқы, күштік» рейдерліктің (7 жылға дейін бас бостандығынан айырудың) ауыр құрамы ретінде ҚК-нің 249-бабының жаңа 1-1- бөлігі енгізілді.

Өзгерістер енгізілген сәттен бастап, қылмыстық қудалау органдары бірде-бір қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеген жоқ.

Осыған байланысты қазіргі уақытта осы қылмысты мемлекеттің мүдделеріне қарсы жасалған қылмыспен теңестіру әзірге қажет емес деп санаймыз.

Б. Асыллов

««Ақ жол» фракциясының мүшелері:

Қ. Иса

А. Перуашев

Д. Еспаева

Е. Барлыбаев

Е. Бейсенбаев

А. Садықов

«Аманат» партиясы

фракциясының мүшесі:

С. Мусабаев

«Қазақстан Халық партиясы»

фракция мүшелері:

И. Смирнова

Г. Танашева

«Ауыл» халықтық-демократиялық

патриоттық партия фракциясының мүшесі:

Ж. Дайрабаев